

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства**

**Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға
арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

на установку пластинчатых теплообменников

**ҚР СНТК 8.07-06-2015
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта
ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №358-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 2 ноября 2015 года № 358-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану саласы	1
3 Нормативтік сілтемелер	2
4 Негізгі қолданылатын материалдардың, бұйымдардың және жабдықтардың сипаттамалары.....	3
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы.....	12
6. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	23
7. Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	26
8. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	29
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	33

**БЕЛГІ ҮШІН
ҮШІН ЗАМЕТОК**

ПЛАСТИНА ТӘРІЗДІ ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШТАРДЫ ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

Енгізу күні 2015-11-02

1 Жалпы ережелер

1.1 Технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық карта құрылысты пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату кезінде құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы және механикаландыру бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату қара-лады

1.4 Технологиялық карта келесі бөлімдерді қамтиды:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқынынан, еңбек бөлінісін, жетілдірілген құралды және мүкәммалды қолдануды ескере отырып, бригада жұмысшылары ара-сында міндеттерді айқын бөлуден қабылданған.

2 Қолдану саласы

2.1 Пластина тәрізді жылу алмастырғышты (бөлшектенетін) орнатуға арналған тех-нологиялық карта ҚР ҚН 1.03-00-2011, ҚР ҚНжЕ 4.02-17-2005, МҚН 4.02-02-2004, МҚН 4.02-03-2004, ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001, ҚР ҚНжЕ 2.01-19-2004 және басқа да қолданыстағы НТК, жұмыстарды жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны сақтай отырып, жұмыстарды орындауды көздейді.

Пластина тәрізді бөлшектенетін жылу алмастырғыш "су-су" немесе "бу-су" орталары арасындағы жылу алмасу процестерін жүзеге асыруға арналған және тұрғын, әкімшілік және өнеркәсіптік ғимараттарды жылыту, жылумен жабдықтау және ыстық сумен жаб-дықтау жүйелерінде, сондай-ақ әртүрлі технологиялық процестерде қолданылады. Осы түрдегі жылу алмастырғыш уландырғыш, жырылыс және өрт қауіпті орталармен жұмыс істеуге арналмаған.

2.2 Жұмыстарды жүргізу шарттары мен ерекшеліктері:

- пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға арналған жұмыстарды орындау кезінде температуралық-ылғалдылық режимі өндіруші ұсынымдарының және қолданыла-тын жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ қолданылатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес қабылданады.

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес ке-лу тиіс.

- барлық құрастыру бірліктері техникалық шарттардың және құрастыру бірлігі пас-портының талаптарына сәйкес кіріс бақылауына тартылуға тиіс;

- жұмыстар ЖЖЖ-ға сәйкес көтеру жабдығын және сүйеу құралдарын қолдана отырып, биіктікте орындалады.

2.3 Монтаждау кезінде орындалатын жұмыстардың құрамына және іске қосу-жөндеу жұмыстарына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) жылу алмастырғышты орнату;

в) қорытынды жұмыстар.

2.4 Осы технологиялық картада қарастырылмайды:

- дәнекерленген пластина тәрізді жылу алмастырғыштар

2.5 Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату бойынша жұмыстарды орындау кезінде жұмыс ауысымдарының саны ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚР ҚНЖЕ 3.03-09-2006, жұмыстарды жүргізу жобасының және осы технологиялық картаның талаптарын сақтай отырып, қабылданады.

2.6 Технологиялық картаны нақты объектілерге және жұмыстарды жүргізу шарттарына байланыстыру жұмыстардың көлемдерін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға, механикаландыру құралдарына қажеттілік деректерін нақтылауды, сапаны бақылау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша іс-шараларды түзетуді білдіреді.

2.7 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылға жай-күйі бойынша жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА-ны және НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылмай күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген жағдай осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы Технологиялық картада келесі нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-нің 2011 ж. 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеру крандарының құрылғысы және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 ж. 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережелері»

ҚР ҚН 1.03-00-2011	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуды ұйымдастыру.
ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚЖ 4.02-17-2005	Жылу пунктерін жобалау. Жылу пунктерін жобалау және салу бойынша қағидалар жиынтығы
ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004	Құрылыс конструкцияларын тоттанудан қорғау
ҚР ҚНЖЕ 4.02-42-2006	Жылыту, желдету және баптау
МҚН 4.02-02-2004	Жылу желілері

МЕМСТ 3262-75*	Су-газ өткізетін болат құбырлар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 10705-80*	Электрмен дәнекерленген болат құбырлар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 15518-87*	Пластина тәрізді жылу алмастыру аппараттары. Түрлері, параметрлері және негізгі өлшемдері
МЕМСТ 12.1.004-91	Өрт қауіпсіздік
МЕМСТ 427-75	Өлшегіш металл сызғыштар. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 7502-89	Өлшегіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 12.1.046-2002	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
МЕМСТ 12.4.059-89	ЕҚСЖ. Құрылыс. Мүкәммал сақтандыру қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 7948-80	Болат құрылыс тіктеуіштері. Техникалық шарттар
МЕМСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар
МЕМСТ 10597-87	Бояу жаққыштар мен щеткалар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 10704-91	Тік жапсарлы электрмен дәнекерленген болат құбырлар. Сортамент
МЕМСТ 23407-78	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу учаскелерінің мүкәммал қоршаулары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 24258-88	Сүйеу құралдары. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Фимараттар мен құрылыстар параметрлерінің өлшемдерін орындау қағидалары
МЕМСТ 28012-89	Жылжымалы құрастыру-бөлшектеу төсенімдері. Техникалық шарттар

Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары. Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына арналған жекелеген нормалар және бағалар (ЖНЖБ).

ҚР Ж 8.04-1-2010, 1-жинақ, Құрылысшілік көліктік жұмыстар.

4 Негізгі қолданылатын материалдардың, бұйымдардың және жабдықтардың сипаттамалары.

4.1 Бөлшектенетін пластина тәрізді жылу алмастырғыш.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш – бұл бөлгіш қабырғалар (жылу алмасу үстіңгі беті) арқылы температурасы барынша жоғары ортадан (ысытатын жылу тасығыш) температурасы барынша төмен ортаға (ысытылатын жылу тасығыш) жылудың берілісіне арналған құрылғы. Жылу берілісінің әдісі рекуперативтік деп аталады. Жылу алмасу үстіңгі беті әртүрлі бейіндегі үстіңгі беті гофрленген тот баспайтын болаттан жасалған штампталған пластиналар пакеті болып табылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш, пайдалану шарттарына байланысты әртүрлі

типтегі пластиналардан құрастырылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарда жылу тасығыш ретінде су немесе 50%-ға дейін концентрациядағы гликоль ерітінділері пайдаланылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштың техникалық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Пластина тәрізді жылу алмастырғыштың техникалық сипаттамалары


Ең жоғары жұмыс қысымы, бар	16
Ең жоғары жұмыс температурасы, °С	150
Ең төменгі жұмыс температурасы, °С	-10
Жұмыс ортасы	Су / 50%-ға дейін концентрациядағы гликоль ерітінділері
Материалдар	Пластиналар: EN болат Тығыздағыш төсем: EPDM, NBR және т.б.
Жүктемелер ауқымы, кВт	10–3800
Қосылыс түрі	Ойма/Ернемек
Қосылыс Ду, мм	25–150

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштар қарсы ернемектермен (ернемектік қосылыс жағдайында) және бекіту бөлшектерімен монтаждауға дайын түрде жеткізіледі. Салмағы астам 200 кг пластина тәрізді жылу алмастырғыштар бөлшектенген түрде жеткізіледі және тікелей жылу торабында құрастырылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш бірдейлендірілген тораптардан және бөлшектерден және бір жүрісті, екі жүрісті, үш жүрісті, циркуляциялық желісі бар екі жүрісті, циркуляциялық желісі бар үш жүрісті, ыстық сумен жабдықтау екі сатылы схемаларына арналған екі жүрісті пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды құрастыру схемасына сәйкес келесі орындаушылардан болуы мүмкін пластиналардың құрамдастыру бойынша құрастырылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды құрастыру схемалары 1-суретте келтірілген.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды құрастыру схемалары



1-сурет - Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды құрастыру схемалары

№ 1,2,5 схемалар

- T1 – жылу желісінен ысытатын судың кіруі
- T2 – ысытатын судың шығуы
- B1 – ысытылатын судың кіруі
- T3 – ысытылатын судың шығуы

№ 3 схемалар

- T1 – жылу желісінен ысытатын судың кіруі
- T2 – ысытатын судың шығуы
- B1 – ысытылатын судың кіруі
- T3 – ысытылатын судың шығуы
- T22 – жылыту жүйесінен кері судың кіруі
- T4 – БІСЖ жүйесінен айналымды судың кіруі

№ 4 схемалар

- T1 – жылу желісінен ысытатын судың кіруі
- T2 – ысытатын судың шығуы
- B11 – 1-аймақтың ысытылатын суының кіруі
- B12 – 2-аймақтың ысытылатын суының кіруі
- T31 – 1-аймақтың ысытылатын суының шығуы
- T32 – 2-аймақтың ысытылатын суының шығуы

№ 6 схемалар


- T1 – жылу желісінен ысытатын судың кіруі
- T21 –II деңгейден ысытатын судың шығуы
- B1 – ысытылатын судың кіруі
- T3 –II деңгейден ысытылатын судың шығуы
- T22 – жылыту жүйесінен кері судың кіруі
- T2 –I деңгейден кері судың шығуы
- T4 – БІСЖ жүйесінен айналымды судың кіруі

Жылу пункті ғимараттың инженерлік жүйесінің негізгі элементі болып табылады және жылу көзі мен ғимараттың ішкі жүйесі арасындағы жылу тасығыштың температурасы, қысымы және түрі бойынша бөлу үшін қажет. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштар – жылу пунктінің негізгі құрылғыларының бірі және ғимараттарды инженерлік қамтамасыз ету жүйелерінің талаптарына жауап беретін оңтайлы шешімдерді қамтамасыз ету үшін әртүрлі түр-өлшемдерден дайындалады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды іріктеудің екі нұсқасы көзделеді:

- сауалнама парағы бойынша есеп;
- ерекшелік бойынша.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш 2-суретте ұсынылған.



2-сурет - Пластина тәрізді жылу алмастырғыш

1- жылжымайтын тақта, 2 – бағыттағыш рама, 3 – қыспа тақта, 4 – төменгі бағыттағыш, 5 – тартпалы бұрандама, 6 – аралық пластина, 7 – ұштық пластина, 8 –аралық тығыздау төсемі, 9 –ұштық тығыздау төсемі, 10 – тіреу, 11 – тартпалы бұрандама тығырығы, 12 – тартпалы бұрандама сомыны, 13 – тақтаны бекіту бұрыштығы, 14 – бұрандама, 15 – сомын, 16 – тіреуді бекіту бұрыштығы, 17 – жоғарғы және төменгі бағыттағыштарды бекіту бұрандалары.

Пластину тәрізді жылу алмастырғыштар:

1) арналардың түрі:

- жоғары гидравликалық қарсылық пластинасы;
- төмен гидравликалық қарсылық пластинасы;

2) жылу аламастырғыштағы жүріс саны:

- бір жүрісті;
- екі жүрісті;
- үш жүрісті.

3) бір пластинаның жылу алмасу үстіңгі бетінің ауданы.

4) жылу алмастырғыш жылу алмасу үстіңгі бетінің ауданы.

5) жылу алмастырғышты құрастыру түрі бойынша сыныпталады:

- бөлшектенетін;
- дәнекерленген.

Пластину тәрізді жылу алмастырғыштарды қолданудың артықшылықтары:

- ықшамдылық;
- жылу тасығыш шығынының төмендеуі;
- жылу тасығыштан ағып кету жылдамдығының төмендігі;
- конструктивтік ерекшеліктер.

Пластину тәрізді жылу алмастырғыштардың ықшамдылығы:

- пластину тәрізді жылу алмастырғышты орнату кезінде кеңістікті айтарлықтай үнемдеуді, бұл жылу алмастырғышты орнату үшін орын болмаған кезде өте маңызды болады;

- қосымша жылу оқшаулауы жоқ пластину тәрізді жылу алмастырғыштың үстіңгі бетінен қоршаған ортаға өте аз жылу шығындарын;

- пайдаланылатын материалдардың өте жоғары сапасында пластину тәрізді аппараттардың салыстырмалы төмен құны;

- пластину тәрізді аппараттарды орнату (негіз) және орап байлау шығындарының айтарлықтай төмендеуін қамтамасыз етеді.

Пластину тәрізді жылу алмастырғыштардағы жылу тасығыш шығынының төмендеуі:

- сорғылар қуатының, жылу алмастырғышы бар жүйелер арматурасының және перифериялық жабдығының өлшемінің айтарлықтай төмендеуін қамтамасыз етеді;

- сорғылар қуатының электр энергиясы шығынынан көрінеді,

- арматураның өлшемі пластину тәрізді жылу алмастырғыштары бар құрылыс жүйелері күрделі шығындарының төмендеуімен шарттасады.

Жылу алмастырғыш бойынша жылу тасығыштан ағып кету жылдамдығының төмендігі жылу алмасудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді:

- пластину тәрізді жылу алмастырғыштардағы уақыт тұрақтылығы қапты-құбырлыға қарағанда он есе төмен, бұл автоматиканың сапалы жұмысын, температура бойынша тапсырманы дәлме-дәл ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

Пластину тәрізді жылу алмастырғыштың конструкциясы іс жүзінде:

- аппараттың ішінде орталардың аралсып кетуіне алып келетін ішкі ағулардың пайда болуының мүмкін еместігін қамтамасыз етеді: кез келген пайда болатын ағып кету (пластинаның ішкі бөлігінің физикалық бұзылуынан басқа) көзбен шолып анықталады;

- пластину тәрізді аппарат арқылы өтетін жылу тасығыш ағындарының жоғары турбуленттілігі пластину тәрізді жылу алмастырғыштың жылу алмастыру үстіңгі беттерінің жылу алмасу ПӘК төмендететін әртүрлі шөгінділердің түзілуіне жоғары қарсылығын қамтамасыз етеді;

- пластина тәрізді жылу алмастырғышты бөлшектеу және толық тазалау шығындары қапты-құбырлы жылу алмастырғышты жөндеу (тазалау) кезіндегіге қарағанда айтарлықтай төмен;

- үстіңгі беттердің тоттануының болмауы және жылу алмастырғыш материалының жоғары сапасы пластина тәрізді жылу алмастырғыштың қызмет ету мерзімін ұлғайтады, сондай-ақ пластина тәрізді жылу алмастырғышты ықтимал жөндеу бар болғаны пластинаны және төсемді ауыстырумен шектеледі;

- пластина тәрізді аппараттардың жоғары сенімділігі апатты жағдайлар нәтижесінде шығындардың пайда болу ықтималдығын төмендетеді.

4.2 Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың бөлшектері

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың бөлшектері (жылжымайтын және жылжымалы тақта, бедерленген жылу алмастырғыш пластиналар, тығыздағыш төсемдер, тартпалы бұрандамалар, ернемектер, бітеуіштер) қолданыстағы НТҚ талаптарына және жұмыс сызбаларына сәйкес келуге тиіс.

Әрбір жылу алмастырғыштың өз паспорты болады, онда барлық техникалық сипаттамалар көрсетіледі:

- жылу алмастырғыштың түрі;
- өндірушінің сәйкестендіру нөмірі;
- кВт номиналдық қуаты;
- м2 жылу алмасу ең жоғ. ауданы;
- м3/сағ ең жоғ. шығысы;
- бар. жұмыс қысымы;
- °С ең жоғ. жұмыс температурасы және пластиналарды жаю картасы.

Жылу алмасу пластинасы

Гофрленген пластиналар арналық жүйені түзеді, онда сұйықтықтың екі ағыны әрқайсысы тиісінше өзінің арнасынан өтеді. Порттардың айналасындағы қосарлы төсемдердің арқасында екі сұйықтық арасындағы ағып кету болмайды. Қысым айырмасы және жылу алмасу пластина үлгісіндегі тілшенің бұрышы сияқты факторларға байланысты. Бұрышы доғал пластиналар ағынның өту жылдамдығын төмендетеді, ал бұрышы өткір пластиналар қысым айырмасын азайтады.

Жылу алмасу пластиналарын таңбалау 2-кестеде келтірілген.

Жылу алмасу пластиналары 3-суретте келтірілген.

2-кесте. Жылу алмасу пластиналарын таңбалау

Екінші сан	Қолданылатын материал	
0	AISI 304 / 1.4301	<p>Әрбір пластинада алты санды нөсір штампталады. Бұл нөмір материалды бақылау үшін пайдаланылады.</p> <p>Бірінші сан – шыққан жылы екінші сан – материалдың түрі соңғы 4 сан – пластинаның сериялық нөмірі</p>
1	AISI 316 / 1.4401	
3	654 SMO / 1.4652	
4	254 SMO / 1.4547	
5	Титан. 1 / 3.7025	
6	Титан. 11 / 3.7225	
7	Hastelloy C-276 қорытпа	



3-сурет - Тығыздау төсемі бар әртүрлі өлшемдердегі жылу алмасу пластиналары

Жылу алмасу пластиналарының тығыздау төсемі

Пластиналарға арналған тығыздамалар біртұтас төсемеден қалыптанады. Тығыздама жылу тасығыштың жұмыс температурасының, химиялық құрамының, қысымының және қалған параметрлердің нақты әсерін ескере отырып, таңдап алынады. Контурлар арасындағы жылу тасығыштан ағып кетудің алдын алу үшін пластиналар келте құбыр аймағында қосарлы тығыздаумен бөлінген. Тығыздау төсемдері пластинаға механикалық және желімдік әдіспен бекітіледі.

Ернемектік жалғанымдарды құрастыру кезінде қалыңдығы 2-3 мм парониттен жасалған төсемдер қолданылады. Төсемдер ауа температурасы плюс 25 °С дейін күн көзінен қорғалған орында, жағар-жанармай материалдарынан, қыздыру аспаптарынан кемінде 1,0 м арақашықтықта алыста сөрелердегі жәшіктерде төгілген түрде сақталады.

Тығыздау төсемі 4-суретте келтірілген.



4-сурет – Төсемі бар пластина
1-тіркегіші бар тығыздау төсемі

Метиздік бұйымдар

Ернемектердегі тораптарды біріктіру кезінде беріктік сыныбы 4,6, дәлдік сыныбы В бұрандамалар/түйреуіштер, беріктік сыныбы 4 сомындар және тығырықтар қолданылады.

Бұрандамалар және сомындар көліктің осы түрінде қолданыстағы Жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес жабық автокөлікте гофрленген картоннан жасалған жәшіктерде, пластмасса, металл және арнайы контейнерлерде лек-легімен тасмалданады.

Бұйымдарды қабылдау лек-легімен жүзеге асырылады. Қабылдау кезінде ораманың бүтіндігі, таңбалануы, сапа сертификаты тексеріледі.

Метиздік бұйымдар консервациялық майлармен тоттанудан қорғалған түрде, сөрелердегі жабық үй-жайларда дайындаушы зауыттың орамасында сақталады

Біріктіргіш ернемек 5-суретте келтірілген.

Парониттік төсем 6-суретте келтірілген.

Тартпалы түйреуіш 7-суретте келтірілген.



5-сурет - Біріктіргіш ернемек



6-сурет - Парониттік төсем



7-сурет - Сомындары бар тартпалы түйреуіштер

4.3 Жылу тасығыш

Беріліс және кері құбыр өткізгіште ысытатын және ысытылатын орта үшін жылу тасығыш ретінде МЕМСТ 23732 талаптарына сәйкес келетін су немесе 50%-ға дейін концентрациядағы гликоль ерітіндісі қолданылады.

4.4 Міндетті сертификаттауға және гигиеналық тіркеуге жататын материалдар мен бұйымдардың сәйкестік сертификаты және гигиеналық тіркеу туралы куәлігі болуға тиіс.

Оларға қолдану тәжірибесі және республика аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар жоқ импортталатын құрылыс материалдары және бұйымдардың Сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Бөлшектенетін пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату бойынша жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00-2011, ҚР ҚНжЕ 4.02-05-2001*, МҚН 4.02-02-2004, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Бөлшектенетін пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату басталғанға

дейін:

- жауапты жұмыстарды орындаушыны тағайындау;
- жұмыс орындарын, қосалқы процестерді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- жұмыстарды жүргізушілерді және жұмысшыларды ЖЖЖ-мен, жұмыс сызбаларымен және осы технологиялық картамен таныстыру;
- қолданыстағы нормаларға жұмысшыларды арнайы киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету;
- белгіленген тәртіпте акт жасай отырып, жылу пунктiнiң жабдығын монтаждау үшiн үй-жайлардың құрылыс дайындығын қабылдау;
- бөлшектенетiн пластина тәрiздi жылу алмастырғыштарды бекiту үшiн тiрек конструкцияларын (салмалы бөлшектердi) орнату орындарын белгiлеудi орындау
- уақытша электрмен жарықтандыру құрылғысы бойынша жұмыстарды орындау;
- объектiге құрылғыларды, құралдарды, мүкәммалды, жабдықты талап етiлетiн көлемде жеткiзу және оларды қаттастыра жинауды ұйымдастыру;
- ҚР ҚНЖЕ 1.03-05 талаптарына сәйкес қауiпсiздiк техникасы жөнiндегi нұсқама журналына қол қойдырып жұмысшылармен еңбектi қорғау жөнiнде нұсқама өткiзу;
- жұмыстарды орындау орнын МЕМСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес өртке қарсы сумен жабдықтаумен, МЕМСТ 12.1.046 сәйкес жарықтандырумен қамтамасыз ету;
- жұмысшыларға ұжымдық немесе жеке пайдалануға арналған қажеттi құралды, мүкәммалды беру.
- ерекшелiктер және жоба тексеру құбыр өткiзгiштер, арматура және жабдық бөлшектерiнiң жинақталымдығын тексеру, материалдардың және бұйымдардың кiрiс бақылауын жүргiзу.
- электр жабдығын электрмен қоректендiру көздерiне қосуды қамтамасыз ету қажет.

Жұмыстарды жүргізудi ұйымдастыру кезiнде жұмыс орны санитариялық гигиена және қауiпсiздiк техникасы қағидаларын сақтаумен өндiрiстiк процесс талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуға тиiс.

Жұмыс орнында жабдықты, мүкәммалдың орналасуы жұмыстың қиындатылған шарттары, құралдың және жабдықтың жүру және оларды iздестiру уақытының артық шығындарын қалыптастырмайтындай есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құралдың және құрылғылардың саны оларды алу және ауыстыру уақыты барынша аз шығындарымен ауысым iшiнде үздiксiз жұмысты қамтамасыз ететiн ең төменгi қажеттi болуға тиiс.

Құралдар және құрылғылар жұмыс орнында белгiлi бiр пайдалану үшiн ыңғайлы тәртiпте орналасуға тиiс.

Материалдарды автокөлектен түсiру ЖЖЖ-ға сәйкес қолмен орындалады.

5.1.3 Пластина тәрiздi жылу алмастырғышты орнату бойынша жұмыстарды

келесi құрамдағы буын орындайды:

- 4 разрядты слесарь (С1) - 1 адам;
- 3 разрядты слесарь (С2) - 1 адам;
- 4 разрядты Электрмен дәнекерлеушi (Эсв2) – 1 адам.

3 және 4-разрядтағы монтаждаушылар 2 разрядтан төмен емес такелажшылардың аралас мамандығына ие болуға тиiс.

Қол электр құралымен жұмыс iстейтiндердiң II бiлiктiлiк тобынан төмен емес электр қауiпсiздiгi бойынша рұқсаттары болуға тиiс.

5.1.4 Пластина тәрiздi жылу алмастырғыштардың алаңшiлiк тасымалдау және сақтау ЖЖЖ-ға және дайындаушы кәсiпорындар құжаттамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тиеу-түсiру жұмыстарын орындау кезiнде пластина тәрiздi жылу алмастырғыштардың сақталуы қамтамасыз етiлуге тиiс. Сақтау кезiнде тораптарды және

бөлшектерді тексеру үшін рұқсат қамтамасыз етілуге, механикалық бүлінулерді, ішкі қуыстарға тозаңның және ылғалдың түсуін болдырмайтын шарттар қалыптастырылуға тиіс.

5.1.5 Салмағы 0,2т астам пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату кезінде көтеру үшін ЖЖЖ-ға сәйкес автомобиль крандары немесе тальдар, сондай-ақ блоктар және полиспастар, пайдаланылатын тұтқалы қол жүкарбалары, домкраттар және т.б. пайдаланылады.

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

5.2.1 Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату бойынша жұмыстарды келесі технологиялық жүйелілікпен орындау керек:

5.2.2 дайындық жұмыстары;

5.2.3 пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнату;

5.2.4 қосалқы жұмыстар

5.2.5 қорытынды жұмыстар.

5.2.2 Дайындық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқаулар алып, еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өтіп және жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен таныса отырып, жұмысшылар қажетті құралды, құрылғыларды, жабдықты, материалдарды алады, жабдықтың жинақталымдығын және ақаусыздығын тексереді.

5.2.3 Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнату

Жылу пунктінде пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың тірек конструкцияларын орнату орындарын белгілеу

Белгілеу жұмыс сызбалары бойынша орындалады, оларда беріліс және кері құбыр өткізгіштер осьтерінің үй-жайдың негізгі конструкцияларына (бағаналарға, қабырғаларға, аражабынға) байламдары көрсетіледі. Белгілеу шектерді, тіктеуіштерді, болат рулеткаларды, сызғыштарды, бұрыштықтарды, қалыптарды, сондай-ақ нивелирді немесе гидростаттық деңгейді пайдалана отырып, орындалады. Осьтер және белгілер сызғышпен немесе бормен құрылыс конструкцияларына салынатын белгілердің көмегімен бекітіледі.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың металл тірек конструкцияларын және жылу пунктiнiң құбыр өткізгіштерін ғимараттар мен құрылыстардың салмақ түсетін конструкцияларына бекіту әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы жұмыс сызбалары және НТҚ бойынша қабылданады.


Тірек конструкцияларын орнатуға тек қана салмалы бөліктер құйылған бетон, егер жұмыс құжаттамасында өзгеше көрсетілмесе, кемінде 70% есептік беріктікке жеткеннен кейін кіріседі.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату алдында жұмыстың сенімділігіне әсер ететін ақауларды (жарықшақтар, майысқан жерлер, шығару тесіктерінің қорғаныш жабындарының бұзылуы және т.б.) анықтау мақсатында толық сыртқы тексеру жүргізіледі. Жабдықтың орналасуы және бағдары, сондай-ақ оймалы жалғанымдарды тығыздауға арналған материал тексеріледі.

Қондырғыға қызмет көрсету (пластиналарды жаңарту, пластиналар жиынтығын тарту) үшін жылу алмастырғыштың айналасында жеткілікті бос кеңістіктің болуын қамтамасыз ету қажет. Стандартты ереже жылу алмастырғыштың айналасында қондырғының енінен 1,5-тен 2 есеге дейін асатын бос кеңістіктің болуы болып табылады.

Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орналастыру орнына қойылатын талаптар 8-суретте келтірілген.



8-сурет - Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орналастыру орнына қойылатын талаптар

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату бойынша жұмыстар келесі технологиялық жүйелілікпен жүргізіледі:

- жылу пункті пластина тәрізді жылу алмастырғыштарын жобалық жағдайға орнату;
- тіктеуіш және құрылыс деңгейінің көмегімен тігінен және көлденеңінен пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды салыстыра тексеру;
- пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды металл раманың салмалы бөлшектеріне бұрандамалармен түпкілікті бекіту,
- пластина тәрізді жылу алмастырғыштың біріктіргіш ернемектерін бұрандамалармен бекіту.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың жоғарғы жазықтығы деңгей бойынша салыстыра тексерілуге тиіс.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орап байлау барысында монтаждауды оңайлату, сондай-ақ монтаждық жапсарларды дәнекерлеуді орындау барысында монтаждалған тораптардың араласуының алдын алу жұмыс істейтін қосымша (уақытша) тірек конструкцияларын орнату қажеттілігі туындайды. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың байламын түпкілікті бекіткеннен кейін уақытша тірек конструкциялары кесу жолымен монтаждалады. Құрастырылған тораптардың сызықтық өлшемдерінің ауытқулары ұзындығы 1 м дейін ± 3 мм және әрбір кейінгі метрге ± 1 мм аспауға тиіс. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату және орап байлау құбырлардың жалғанымының және оның бекіту арматурасына және аспаптарға қосылысының беріктігін және тығыздығын қамтамасыз етуге тиіс.

Біріктіргіш ернемектерді бекіту

Біріктіргіш ернемекті оймасы бар қолданыстағы тесіктерді пайдалана отырып, тікелей соңғы пластинаға бұрандамалармен бекіту керек. Барлық бұрандамалар бірдей күш салынып біркелкі созылуға тиіс – артық созып күш салуға рұқсат етілмейді, өйткені бұл рамалы тақтадағы ойманы үзуі мүмкін.

Жылу алмастырғышта бос тірек ернемектері болған кезде ернемектік жалғанымды тығыздау үшін тиісті төсемді пайдалану керек.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш ернемектерінің жалғанымы 9-суретте келтірілген.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату 10-суретте келтірілген.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орап байлау процесінің басталуы 11-суретте келтірілген.

Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орап байлаудың аяқталуы 12-суретте келтірілген.



9-сурет – Ернемектердің пластина тәрізді жылу алмастырғыштың жылжымайтын тақтасына жалғанымы
1- біріктіргіш ернемек



10-сурет – Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орнату
1 – жылжымайтын тақта, 2 – тартпалы түйреуіш, 3 – жылу алмастырғыш пластина, 4 – қыспа тақта, 5 – пластина тәрізді жылу алмастырғышты бекіту орны



11-сурет – Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орап байлау процесінің басталуы

1- жылу алмастырғыш пластина, 2 – біріктіргіш ернемек, 3 – тіреу, 4 – пластина тәрізді жылу алмастырғышты бекіту орны



12-сурет – Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды орап байлаудың аяқталуы


5.2.4 Қосалқы жұмыстар

Пластина тәрізді жылу алмастырғыш көліктің осы түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасмалданады. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштар олардың бүлінуін болдырмайтын шарттарда сақталуға тиіс.

Жылу алмастырғышты ұзақ уақытқа сақтау (1 ай және одан көп) қажеттілігі туындаған жағдайда жабдықтың орынсыз бүлінуінің алдын алу үшін белгілі бір сақтық шараларын қабылдау керек. Жылу алмастырғышты бөлменің ішінде 15-тен дейін 20 °С дейін температурада және 70%-дан астам емес ылғалдылықта сақтаған жөн. Егер мұндай шарттарды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда жылу алмастырғышты ылғалдың тиюін болдырмайтын ішкі қаптамасы бар ағаш жәшікке салу керек. Ешқандай жағдайларда бөлмеде электр қозғалтқышты немесе доғалық дәнекерлеу жабдығын қоса алғанда, озон шығаратын жабдықтың болуына рұқсат етілмейді, өйткені озон резеңке материалдардың көбісін бұзады.

Әдетте, пластина тәрізді жылу алмастырғыштар айырлы тиегіштердің көмегімен жүк поддонында тасымалданады. Тасымалдау үшін болат тростарды немесе шынжырларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Тасымалдауға қойылатын талаптар 3-суретте келтірілген.



3-сурет -Тасымалдауға қойылатын талаптар

5.2.5 Қорытынды жұмыстар

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқысынан тазалауды орындайды, құралды және құрылғыларды тазартады және оларды қоймаға тапсырады. Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға арналған жедел карта 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға арналған жедел карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Нұсқама және құжаттамамен танысу	-	4 разрядты слесарь (С1) -1 адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1 адам	Жұмысшылар техникалық персоналдан тапсырма алады, нұсқамалар журналына қол қойып жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді, құралды, мүкәммалды, материалдарды алады, ЖЖЖ-ға және технологиялық картаға сәйкес жұмыстарды орындау учаскесімен танысады және жұмысқа кіріседі.
Негізгі жұмыстар			
Пластина тәрізді жылу алмастырғышты монтаждау	Металл бұрыштық, рулетка, деңгей, кілттер жинақтамасы.	4 разрядты слесарь (С1) -1 адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1 адам	С2 С1-мен бірге жылу алмастырғышты раманың негізіне орнатады, салыстыра тексереді және бұрандамалармен бекітеді (Здана) С1 С2-мен бірге біріктіргіш ернемектерді жылу алмастырғыштың тесіктері арқылы соңғы пластинаға бұрандамалармен бекітуді жүргізеді.

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Бөлшектенген пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнында құрастыру	Металл бұрыштық, рулетка, деңгей, кілттер жинақтамасы, жылу алмастырғыш бөлшектері	4 разрядты слесарь (С1) -1адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1 адам	<p>С1 С2-мен бірге дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнында құрастырады.</p> <p>Жылжымайтын тақтаны тақтаны бекіту бұрышы арқылы алдын ала дайындалған және тексерілген металл рамаға шығарып қояды. Оған бұрандамалармен жоғарғы және төменгі бағыттағыштарды бекітеді. Бағыттағыштарға тіреумен бекітілетін жылжымалы тақтаны жылжытады. Жылу алмастырғышты жеткізу паспортқа сәйкес С1 және С2 пластиналарды орнатудың келесі жүйелілігін сақтаумен тығыздаманы төсей отырып, әрбір пластинаны іріктеп алады және жазып салады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - барлық төсемдер жылжымайтын тақтаның жағына қаратып орнатылуға тиіс, - нәтижесінде дұрыс кәрезді құрылым алынуға тиіс. <p>Тығыздау төсемдері желімде отырғызу шұңқырына төселеді немесе арнайы құрылғылармен бекітіледі. Желім пластинада тығыздау үшін шұңқырға шағын жалпақ шеткамен жағылады. Одан кейін тығыздау төсемі керекті жағдайда пластинаға төселеді. Құрғағаннан кейін желім 15 минут бойы шұңқырдағы тығыздау төсемін ұстап тұрады, бұл монтаждауды жеңілдетеді. Енді пластиналар рамаға құрастыруға дайын. С1 және С2 орнатылған пластиналардың санының және олардың ретінің жылу алмастырғыш арналған паспортта көрсетілген схемамен сәйкес келетіндігіне көз жеткізеді.</p>

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4
			Пластиналарды қыспа тақтамен баспалайды және тығырықтары мен сомындары бар тартпалы түйреуіштерді орнатады. Схема бойынша сомындарды динамометрлік кілтпен айқастыра біркелкі етіп созады. Рулеткамен немесе металл сызғышпен ені және диагонали бойынша жылжымалы тақтаның еңісі тексеріледі.
Құбырлардың жалғастыратын жерлеріндегі ернемектерді салыстырып тексеру және қысып ұстау	Металл бұрыштық, Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты токты орнатуды пайдалану	Электрмен дәнекерлеуші (Эсв2) Слесарь (С1)	Эсв2 жылу алмастырғыштың корпусына бұрандамалармен С1 бірге қосылысты жүргізеді. С1 құбырлар мен ернемектердің жапсарларын салыстырып тексереді, ал Эсв2 қысып ұстайды.
Құбырлардың жалғастыратын жерлеріндегі ернемектерді байлау	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты токты орнатуды пайдалану	Электрмен дәнекерлеуші (Эсв2)	Эсв2 құбырлар мен ернемектердің жапсарларын дәнекерлейді.
Қосалқы жұмыстар			
Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды қолмен түсіру	Салмағы 0,2т астам автомобиль крандары, тальдар, блоктар және полиспастар, тұтқалы қол жүкарбалары, домкраттар.	4 разрядты слесарь (С1) -1адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1адам,	Материалдарды автокөліктен түсіруді С1,С2 қолмен орындайды. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың салмағы 0,2т астам болған кезде автокөліктен түсіру үшін автомобиль крандары немесе тальдар, сондай-ақ блоктар және полиспастар, ЖЖЖ-ға сәйкес пайдаланылатын тұтқалы қол жүкарбалары, домкраттар және т.б. пайдаланылады.
Пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды 20 м дейін арақашықтыққа орнату орнына қолмен жеткізу	Салмағы 0,2т астам автомобиль крандары, тальдар, блоктар және полиспастар, тұтқалы қол жүкарбалары,	4 разрядты слесарь (С1) -1адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1адам,	Материалдарды түсіру орнынан жылу пунктіне дейін жеткізуді С1,С2 қолмен орындайды. Пластина тәрізді жылу алмастырғыштардың салмағы 0,2т астам болған кезде жеткізу үшін автомобиль крандары немесе тальдар, сондай-ақ блоктар және полиспастар, ЖЖЖ-

3-кестенің соңы

1	2	3	4
	домкраттар.		ға сәйкес пайдаланылатын тұтқалы қол жүкарбалары, домкраттар және т.б. пайдаланылады.
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар		4 разрядты слесарь (С1) -1адам, 3 разрядты слесарь (С2) -1адам,	Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орнын және құралдарды ретке келтіреді, оларды өндірістік қалдықтардан тазарта отырып, жүк көтеру жүкарбаларын жинайды. Сорып шығару желдетпесін, электрмен қоректендіруді ажыратады. Құралды және құрылғыларды қоймаға тапсырады.

6. Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості 4-кестеде келтірілген.

4-кесте Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнатуға арналған материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	ТНҚА атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Пластина тәрізді жылу алмастырғыш	МЕМСТ 15518-87	дана	жоба бойынша
2	Біріктіргіш ернемек		жиынтық	жоба бойынша
3	Пластина тәрізді жылу алмастырғыштың бір жиынтықты бөлшектері	МЕМСТ 15518-87	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
4	М10х30 жылу алмастырғышты рамаға бекіту бұрандамалары	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
5	М10 бекіту тығырығы	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
6	М10 бекіту сомыны	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
4	М16х70 біріктіргіш ернемекті жылу алмастырғышқа бекіту бұрандамалары	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
5	М16 бекіту тығырығы	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша
6	М16 бекіту сомыны	МЕМСТ 7798-70	жиынтық	жеткізу паспорты бойынша

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтың, технологиялық жабдықтың, құралдың, мүкәммалдың және құрылғылардың тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте - Машиналардың, тетіктердің, жабдықтың, технологиялық жабдықтың, құралдың, мүкәммалдың және құрылғылардың тізбесі

р/с №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны дана
1	Тұтқалы жүкарба	ЖЖЖ бойынша	Көтеру және өткізу	Q=1т	2
2	Строптар	ЖЖЖ бойынша	Көтеру және өткізу	Тарту күші дейін 1т	2
3	Деңгей	-	Конструкциялардың тіктігін және көлденеңдігін салыстыра тексеру	Ұзындығы 0,4 және 1,0 м	2
4	Өлшегіш металл рулетка	РС-3 МЕМСТ 7502-89	Өлшеу жұмыстары	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 2000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	2
5	Металл бұрыштық		Тік бұрышты салыстыра тексеру	-	1
6	Бояу жаққыштар	№25	Тоттануға қарсы жабынды салу	-	1
7	Металл щетка	-	Үстіңгі бетті қабыршақтардан тазарту	-	2
8	Металл сызғыш	МЕМСТ 427-75	Бақылау құралы	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 150 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
9	Қосымша кілттер жианқтамасы	жиынтық	Бұрандамаларды бекіту		1
10	Динамометрлік кілт	МЕМСТ 25603-83	Тартпаны бақылау		1
11	Комбинезондар	-	Жеке қорғаныш құралы	-	6

5-кестенің соңы

р/с №	Атауы	Типі, марка-сы, дайындаушы зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны дана
12	Аяқ киім	-	Жеке қорғаныш құралы	-	6 жұп
13	Қорғаныш көзілдірігі	-	Жеке қорғаныш құралы	-	2
14	Құрылыс каскасы	МЕМСТ 12.4.087	Жеке қорғаныш құралы	-	5
15	Қолғаптар	-	Жеке қорғаныш құралы	-	4 жұп
16	Дәрі қобди	-	Алғашқы көмекті көрсету	-	1
17	Өрт сөндіргіш	ұнтақты	Өрт қауіпсіздігі құралы		2
18	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты токты	-	Қолмен доғалық тұрақты токты дәнекерлеу	-	1

7. Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

7.1 Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнату және құрастыру бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде-дың сапасына қойылатын талаптар 6-кестеде технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген.

6-кесте Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау(сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулылығы, дәлдік сыныбы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Кіріс бақылауы										
Пластина тәрізді жылу алмастырғыш	Маркасы	Жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Қаттастыра жинау алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапa туралы құжат, жет-жеткізушінің паспорты	-	Кіріс бақылауы журналы

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жедел бақылау										
Пластина тәрізді жылу ма-стырғышты орнату	Жылу алмастырғышты орнату орындарын белгілеу	Мон-таждау схемасы	Рұқсат етілмейді	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу, Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Рулетка, металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 бастап 10 мм дейін,	Жалпы жұмыстар журналы
	Жылу алма-стырғышты салыстыра тексеру және раманың негізіне бұрандамала-рмен бекіту	Бұл да	+1,0	-«-	-«-	-«-	-«-	Металл бұрыштық	-	-«-
	Біріктіргіш ернемектерді жылу алма-стырғыштың тесіктері арқылы соңғы пла-стинаға бұрандамала-рмен бекіту	Бұл да	Жоба та-лаптарына сәйкестігі	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	Динамо-метрлік кілт	-	-«-

6-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Пластина тәрізді жылу алмастырғышты орнында құрастыру	Құрастыру жұмыстары Қысымда сынау		Паспортта көрсетілгенге сәйкес	-«-	-«-	-«-	Өлшеу	Манометрдің, динамометрлік кілттің көрсеткіштері	-	-«-
Қабылдау бақылауы										
Орнатылған пластина тәрізді жылу алмастырғыш	Құрастырудың дұрыстығын тексеру. Паспортта көрсетілген ортаның қысымымен тексеру	-«-	Рұқсат етілмейді	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	-	-	-«-
		-«-	Рұқсат етілмейді	-«-	-«-	-«-	Өлшеу	Манометрдің көрсеткіштері	-	-«-

7.2 Жылу тасығыштың параметрлерін қамтамасыз ету бойынша талаптар

Жылу пунктерінде пластина тәрізді жылу алмастырғыштарды пайдалану шарттың талаптарына сәйкес жылу тасығыштың талап етілетін параметрлерін (шығын, қысым, температура) қамтамасыз етуге, оған қосылған барлық жылу тұтыну жүйелері үшін оларды бақылауды және реттеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Инженерлік жүйелердің жұмыс параметрлері әрбір нақты жылу пунктінің режимдік картасында көрсетілген параметрлерге қатаң сәйкес келуге тиіс.

8. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Жылу пунктiнiң пластина тәрiздi жылу алмастырғыштарын орнату кезiнде ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚНжЕ 1.03-06 және осы технологиялық картаның талаптарын орындау қажет.

Жұмыстарды орындау жобалық құжаттаманың, жұмыстарды жүргізудiң қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету және жұмыс iстеушiлерге санитариялық-гигиеналық қызмет көрсету бойынша техникалық шешiмдердi және негiзгi ұйымдық iс-шараларды қамтитын жұмыстарды жүргiзу жобасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиiс.

